

FTAXP 10.01.11
ӘОЖ 347.441.42
JEL K39

<https://doi.org/10.46914/2959-4197-2025-1-4-166-176>

ӨМІРӘЛІ Ж.Ө.,*¹

з.ғ.д., доцент.

*e-mail: Zhaziraomirali@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-5510-2966

БЕГАЗОВА Г.Ж.,¹

PhD, қауымдастырылған профессор.

e-mail: gulnafisa_86@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-6131-1246

РАХИМОВА Г.Н.,²

PhD, қауымдастырылған профессор.

e-mail: gaku_almatycity@mail.ru

ORCID ID : 0000-0002-3812-7459

МЫРЗАКӘРІМ А.Н.,³

з.ғ.к., ассистент-профессор.

e-mail: aan-005@mail.ru

ORCID ID : 0009-0009-2733-1014

¹Қонаев университеті,

Алматы қ., Қазақстан

²Абай атындағы Қазақ ұлттық

педагогикалық университеті,

Алматы қ., Қазақстан

³Нархоз университеті,

Алматы қ., Қазақстан

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА МЕДИАЦИЯ ИНСТИТУТЫ ДАМУЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Андатпа

Зерттеудің мақсаты Қазақстан Республикасындағы медиация институтын дамытудың өзекті мәселелерін зерделеу болып табылады. Мақалада авторлар медиация ұғымына талдау жасай отырып, оның қалыптасу тарихына шолу жасайды. Қазақ халқының тарихында медиация элементтерін қамтитын сот төрелігінің түрі – билер соты мен қазіргі сот жүйесінің арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылығын жіктейді. Сондай-ақ, медиаторлардың қызметін жетілдіру бағытында келесідей бірқатар ұсыныстар беріледі, олар: әлеуметтік және коммерциялық медиацияны қолдану салаларын белгілеу, медиацияның жалпыға бірдей қолжетімділігі үшін жағдай жасау; медиаторлар қызметінің нысандарын анықтау және құзыретті медиаторлар корпусын қалыптастыру; Қазақстан Республикасы медиаторларының әдеп кодексін қабылдау. Медиацияның қазіргі жағдайы келесі тұжырымдар жасауға мүмкіндік береді: біріншіден, даулардың жекелеген санаттары үшін медиация рәсімінің міндеттілігі туралы нормалар, мысалы, берешекті өндіріп алу туралы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексіне өзгерістер енгізу; екіншіден, соттарға талап қою кезінде мемлекеттік баж мөлшерін ұлғайту; үшіншіден, медиаторлардың сыйақы мөлшерін мемлекеттік баж деңгейінен төмен, АЕК-тің еселенген мөлшерінде заңнамалық белгілеу.

Тірек сөздер: сот төрелігі, сот жүйесі, медиация, медиатор, татуластыру рәсімдері, бітімгершілік келісім, тараптар.

Кіріспе

Медиация ұғымына келетін болсақ, бұл ұғымның өзі латынның «mediare» сөзінен шыққан және сөзбе-сөз «делдал болу» дегенді білдіреді. Медиация – тараптарға дауды өз бетінше шешуге олардың өзара қанағаттануы мен пайдасына көмектесуге бағытталған дауды медиация әдісі.

Мұндай бітімгершіліктің тиімділігіне медиатордың дауласушы тараптардың ынтымақтасу және қарым-қатынас жасау қабілетін ашуының арқасында қол жеткізіледі.

Бүкіл әлемде медиация процесінің өзінің ежелгі тарихы мен халық арасындағы дауларды шешудегі бай тәжірибесі бар. Ежелгі Қытайда ұлы ойшыл Конфуций азаматтарды сотқа барудың орнына медитацияны қолдануға шақырды. Ол тараптарға келісімге келуге көмектесетін бітімгердің қатысуымен кездесуді ұсынды [1, 167].

20 ғасырдың басында АҚШ экономикасында еңбек нарығының дамуына кері ықпалын тигізетін еңбек дауларының жаңа түрі пайда болды, ол кәсіподақтар мен жұмыс берушілер арасындағы еңбек жағдайлары мен жалақыны белгілеу мәселелеріне қатысты даулар мен қақтығыстар. Бұл дауларды дере шешу мүмкін болмаса, ереуілдер, жаппай жұмысшыларды қысқарту және бүкіл зауыттардың уақытша жабылу қаупі болды. Мұндай қызмет қызметкерлер мен жұмыс берушілер арасындағы қақтығыстарда бейтарап делдал ретінде әрекет етуі тиіс болып, нәтижесінде 1947 ж. Федералдық медиация және бітімгершілік қызметі құрылды [2, 20].

Қазақ қоғамында медиация процедурасы ежелден қолданылып келгені белгілі. Ғасырлар бойы қақтығыстарды құрметті ақсақалдар мен билердің көмегімен шешу дәстүрі болған.

Жалпы, қазақ халқының тарихында медиация элементтерін қамтитын сот төрелігінің түрі – билер соты болған. «Қазақтың дала төрелігінің алтын ғасыры – екі жақтың дау-дамайлары билердің, сөзге шебер, дана шешендердің қатысуымен шешілген кезең деп аталады. Ол кезде сот орындаушылары да, орындаушылары да болмаған. Бірақ өз заманының ең беделді адамдары болған билердің сөзін жұрттың бәрі құрметтеп, сөзсіз ұстануға мәжбүр болды» [3, 112].

Қазақстанда сот төрелігі жүйесінің пайда болуы мен даму тарихын кейбір жорамалдармен қарастыра отырып, медиация мен билер соты арасында ұқсастықты аңғаруға болады.

Біріншіден, би лауазымына тағайындау болған жоқ, ол делдал ретінде әрекет ете отырып, тараптардан туындайтын даулы мәселелер бойынша іс жүргізді.

Екіншіден, қалыптасқан жағдайды шешу кезінде жанжал тараптары тек оның беделін, құзыретін басшылыққа ала отырып және Тәуелсіздік пен бейтараптықты қамтамасыз ететін барлық факторларды ескере отырып, белгілі бір биді таңдауда еркін болды.

Билер соты Қазақстан аумағында тұратын халықтың басым бөлігіне сұранысқа ие болды. Қазіргі заманғы медиаторлар заманауи сипатта жаңғыртуды ұсынады [4].

Елімізде алғаш рет медиация тұжырымдамасын Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев бекітті. Қазақстан Республикасы Судьялар одағының V съезінде сөйлеген сөзінде соттарда қаралатын даулардың санын азайтуға бағытталған жұмыстарды тиімді жүргізу қажеттігін атап, дауларды шешудің баламалы тәсілдерін, медиацияның маңыздылығын атап өткен болатын [5].

Қазақстан Республикасының Конституциясының 12-бабына сәйкес адам құқықтары мен бостандықтары танылады және оларға кепілдік беріледі [6]. Конституцияда бекітілген кепілдікті жүзеге асыру үшін юрисдикциялық және юрисдикциядан тыс реттеу, түрлі татуластыру рәсімдері, соның ішінде медиация қолданылады. Қазақстанда қылмыстық процесте медиацияны кеңінен енгізуге БҰҰ мен Еуропа Кеңесінің Ұсынымдары, Декларациялары мен Қарарлары ықпал етті.

Елімізде сот төрелігін дамытуда жеке құқықтық сипаттағы дауларды шешудің баламалы тәсілдері маңызды рөл атқарады. Ел Президенті Қ.К. Тоқаев «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Жолдауында медиацияға басымдық беруді, елімізде бірде-бір мемлекеттік орган оның даму мәселесімен айналыспағандығын баса ескертіп, алдағы уатыққа жіберілген осындай кемшіліктерді түзетуді тапсырған болатын [7].

Медиация институты 2011 ж. «Медиация туралы» Қазақстан Республикасының Заңының қабылдануымен құқықтық негізге ие болды. Медиацияның негізгі мақсаты – дауларды сотқа дейін және сот барысында тараптардың ерікті келісімі арқылы, бейтарап медиатордың көмегімен тиімді шешу болып табылады.

«Медиация туралы» заңмен медиация ұғымы, қағидаттары (еріктілік, құпиялылық, бейтараптық, теңдік), медиаторлардың құқықтық мәртебесі, рәсімдерді жүргізу тәртібін нақтыланды [8].

Сондай-ақ, 2016 жылдан бастап соттарда татуластыру рәсімдері дамып, «Татуластыру кабинеттері» мен «Бітімгер судья» институты енгізілді. Бұл медиацияның сотпен интеграциясын күшейтті. Соған қарамастан, медиацияны құқықтық жүйенің толыққанды бөлігі ретінде қалыптастыру әлі де жалғасуда.

Медиацияның институционалдық даму жолында шешімін таппаған бірқатар мәселелер бар, олар: құқықтық сауаттылықтың төмендігі, кәсіби медиаторлардың жетіспеушілігі, қоғамның сенім деңгейі, медиация рәсімінің тиімділігі жөніндегі практикалық базаның әлсіздігі. Мақалада авторлар осы мәселелерді кешенді талдауға басымдық береді.

Материалдар мен әдістер

Мақала жазу барысында отандық және ресейлік ғалымдардың медиация тақырыбындағы ғылыми теориялық-әдіснамалық жұмыстарына шолу және талдау жүргізілді.

Мақалада формальды-логикалық әдістің негізгі тәсілдері ретінде анализ және синтездеу тәсілдері медиация ұғымының, оның құрылымының элементтерін ажыратып қарастыруда көрініс тапса, ал, салыстыру тәсілі дамыған Еуропа елдері мен Қазақстан Республикасындағы медиация модельдерін, салыстыруда қолданылды. Сондай-ақ, формальды-құқықтық және ғылыми зерттеудің сапалық және арнайы әдістері қолданылады.

Бұл әдістер медиация практикасын, оның тиімділігін, қоғамдағы қабылдануын және қолданылу ерекшеліктерін ғылыми тұрғыдан талдауға мүмкіндік береді.

Нәтижелер мен талқылау

Медиация – бұл үшінші тарап дауласушылар арасындағы конструктивті қарым-қатынасқа, соның ішінде шешім қабылдауға, проблемаларды шешуге және келіссөздерге, өзара қолайлы келісімге қол жеткізуге көмектесетін процесс. Бұл процесте медиатор істі бағалаудан немесе тараптарды белгілі бір реттеуге бағыттаудан аулақ бола отырып, процестің қамқоршысы ретінде әрекет етеді. Медиатордың рөлі дауласушыларға бір-бірінің мүдделері мен мүдделерін түсінуге көмектесу болып табылады [9, 165].

Медиация көп жағдайда құқық саласында азаматтық, қылмыстық істерде, сондай-ақ, еңбек даулары және отбасы қатынастарын құрайтын істерде жүргізіледі [10, 134]. Қазіргі уақытта даулардың 30%-дан астамы медиация рәсімімен ымыраға келіп жатады, ал басым бөлігі тараптардың келісімімен аяқталады. 2018 жылдың басында Қазақстанда медиация үдерісімен 24 мың 147 дау шешілген, оның ішінде, корпоративтік даулар, банк және сақтандыру саласындағы даулар, отбасылық даулар, авторлық құқыққа және зияткерлік меншікке байланысты даулар және т.б. оң шешімін тапқан [11].

Медиация тараптардың теңдігі мен еріктілігі негізінде, тең құқықтылықты сақтай отырып, медиатордың дербестігі мен бейтараптығына, медиация рәсіміне өзге де тұлғалардың араласуына жол бермеу, сондай-ақ құпиялылық қағидаларының негізінде жүргізіледі.

1. Тараптардың теңдігі және еріктілігі оларды қандай да бір нысанда қатысуға мәжбүрлеуге жол берілмейтіндігін білдіреді. Тараптар медиация рәсімінде кез-келген уақытта бас тартуға құқылы.

2. Тараптар ақпаратты хабардар ету – медиатор екі жаққа да медиацияның мәні, оның процесі мен оның ықтимал салдары туралы ақпаратты жариялар, хабардар етуге міндетті.

3. Медиатордың бейтараптығы медиатордың тараптарды бірдей қабылдап, ортақ шешімге келу ниетін тең дәрежеде қолдайтындығын білдіреді. Бейтараптылық сақталмайтын жағдайларда медиатор істі басқа медиаторға беруге немесе тоқтатуға тиіс.

4. Медиацияның бірден-бір ерекшелігі оның құпия сипатта қамтамасыз етілуі және тараптардың еріктілігі, татуластыру рәсімінің жедел (яғни 30 күн ішінде немесе белгілі себептер болған жағдайда 60 күннен аспайтын мерзімде) жүзеге асырылуы болып табылады.

5. Тараптар мен медиатордың жауапкершілігі медиатордың кездесуге қатысушылардың қауіпсіздігіне, сондай-ақ қағидағар мен стандарттардың сақталуына жауап беретінін білдіреді [10, 135].

Қазақстан Республикасында құқықтық дауларды реттеу жөніндегі татуластыру рәсімдері кеңінен таралуда. Осындай тәсілдердің бірі – азаматтық юрисдикция саласында туындайтын құқықтық қатынастарды ізгілендіруге ықпал ететін медиация институты. Қазақстан Республикасының «Медиация туралы» Заңында және Азаматтық процесілік кодексында (бұдан әрі – ҚР АПК) бекітілген сотқа дейінгі және сот медиациясы Қазақстанда азаматтық дауларды балама шешудің тиімді механизмі болып табылады.

Дауларды медиация тәртібімен шешудің оң нәтижелеріне, негізінен, тараптар дауды бейбіт және өркениетті жолмен шешкісі келген жағдайда қол жеткізіледі. Әдетте, медиация келесі жағдайларда қолданылуы тиіс:

- ◆ дауласушы тараптардың мүдделері және болашақта олардың қарым-қатынасын сақтау мүмкіндігі, мысалы, іскерлік серіктестік, ата-анасы ажырасқаннан кейін балаларды бірлесіп тәрбиелеу және т.б. жағдайларда;

- ◆ тараптар арасында ұзақ мерзімді, маңызды қатынастар болған кезде;

- ◆ заң негізінде қабылданған шешім даудың барлық аспектілерін есепке алмаса және оны шешуге әкелмесе;

- ◆ тараптар өзара тиімді (қанағаттанарлық) қатынастарды тоқтату шарттарын келісу қажет болғанда және т.б.

ҚР АПК-нің азаматтық сот ісін жүргізудің кез келген сатысында медиация рәсімін жүргізу мүмкіндігі сияқты новелласы ерекше маңызды болып табылады.

ҚР АПК жаңа редакцияда қолданысқа енгізілуімен 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап «медиация рәсімі» терминін қолдана отырып, азаматтық процесте медиативтік бағытты дамытудың жаңа кезеңі басталды.

«Медиация туралы» Қазақстан Республикасы Заңының гуманистік мәні азаматтардың таңдау еркіндігіне ие болуында. Қоғамда жиі ұшырасатын әлеуметтік, отбасылық құқықтық проблемалардың шешімін таппай, әділдік үшін сотқа арыз-шағым түсіретіндердің қатары көбеюде.

Азаматтық-құқықтық қатынастар саласында татуластыру рәсімдерінің және істі бейбіт жолмен шешудің негізгі алаңы ретінде істі сот талқылауына дайындау сатысын пайдалану көзделген.

Сотқа жүгінгенге дейін және істі сот талқылауына дайындау кезеңінде бітімгерлік рәсімдерді енгізуді ынталандыратын бірқатар шараларды қажет етеді.

Судьяның атына медиация жүргізу туралы арыз келіп түскен кезде сот ҚР АПК-нің 273-бабының 7) тармақшасына сәйкес сотта медиация жүргізілген немесе партисипативтік рәсім жүргізілген іс бойынша медиация, партисипативтік рәсім тоқтатылғанға дейін іс жүргізуді тоқтата тұра алады [12].

Істі сот талқылауына дайындау сатысында судья тараптарға құқықтарын түсіндіре отырып, медиацияның мәнін, оңтайландырылған тәсілдердің тиімділігін және медиация тәртібімен шешу мүмкіндігі, тараптардың құқықтары мен міндеттері, оларды орындау тәртібін хабарлайды. Келісімнің мәтінінде жауапкердің міндеттемелерді орындауын кейінге қалдыру немесе бөліп төлеу туралы, борышты толық немесе ішінара кешіру не тану туралы шарттар қамтылуы мүмкін.

Медиацияның әрбір түрінің процессуалдық айырмашылықтарын, құқықтық салдарын және артықшылықтарын түсіну адвокаттар мен олардың клиенттеріне өздерінің құқықтары мен мүдделерін қорғаудың оңтайлы стратегиясын саналы түрде таңдауға мүмкіндік береді, сол арқылы нақты дауды шешуге ғана емес, сонымен қатар Қазақстанның құқықтық саласында диалог пен ымыраға келу мәдениетін дамытуға ықпал етеді.

Азаматтық істерде медиацияның қолданылу аясы кең. С.Б. Идрисова «азаматтық-құқықтық даулар (жанжалдар) бойынша медиация қақтығыстардың мынадай санатын шешу кезінде ерекше тиімді деп санайды, олар:

- ◆ коммерциялық даулар;

- ◆ тұрғын үй қатынастарынан туындайтын даулар;

- ◆ меншік құқығы туралы даулар;

- ◆ отбасылық даулар (некені бұзу және мүлікті бөлу және т.б.);

- ◆ жұмыстағы жанжалдар;

- ♦ мұраны бөлу туралы даулар;
- ♦ сот шешімдері мен ұйғарымдарын орындау кезінде туындайтын даулар және т.б.» [13, 88].

Медиаторды кез-келген еңбек дауында тартуға болады және еңбек қатынастарында келісімнің толық құпиялылығын сақталады.

Сондай-ақ, С.Б. Идрисова Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 294-бабында ұжымдық еңбек дауларын делдалдың қатысуымен қарау туралы норма болса да, медиация рәсімін жүргізу үшін қандай да бір нормалар көзделмегендігін негізге алады. Демек, медиация рәсіміне рұқсат етіледі, ал, ұжымдық еңбек дауларын шешуде медиация рәсімдеріне рұқсат етілмеген.

Қазақстанның сот жүйесіне тұрақты жүктеме және дауларды неғұрлым үйлесімді шешуге ұмтылу жағдайында медиация барған сайын танымал құралға айналуға айналуда. «Медиация туралы» Қазақстан Республикасының Заңы мен Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің нормалары азаматтық сот ісін жүргізуде сотқа дейінгі медиацияны да, сот медиациясын да қолданудың құқықтық негіздерін құрайды.

Сотқа дейінгі медиация – дауды талап арызсыз шешу әрекеті. Азаматтық даудың тараптары сотқа талап арыз бергенге дейін бастайтын медиация рәсімі. Табысты медиацияның нәтижесі медиациялық келісім болып табылады. Медиациялық келісім азаматтық-құқықтық мәміле болып табылады және ерікті түрде рәсімдеуге жатады. Орындалмаған жағдайда тарап міндеттемені мәжбүрлеп орындату немесе өндіріп алу туралы талаппен сотқа жүгінуге құқылы.

Сот медиациясы – бұл сот ісі аясында шешім іздеу. Сотта азаматтық іс қозғалғаннан кейін медиация рәсімі, соттан (судья тараптарға медиация мүмкіндігін қарастыруды ұсынады) немесе тараптардан болуы мүмкін. Судья тараптардың келісімін алып, сот отырысында үзіліс жариялайды немесе медиацияны жүргізу үшін азаматтық істі он жұмыс күніне дейін қарауды тоқтата тұрады және мерзімін сот белгілейді. Тараптар келісім бойынша медиаторды таңдауға құқылы. Келісім болмаған жағдайда, төрағалық етуші тараптардың келісімімен медиация рәсімін жүргізуге не судья-медиаторлардың арасынан кандидатураны ұсына алады. Сот медиациясының нәтижесінде тараптар медиациялық келісімді бекіту туралы арызбен сотқа жүгінуге құқылы. Тараптардың бірі медиация келісімінде көзделген жүктемелерді яғни міндеттемелерін орындамаған жағдайда, құқықтары бұзылған тарап медиация келісімінің негізінде сотқа жүгінуге және атқару парағын алуға құқылы. Медиациялық келісімді бекіту іс бойынша іс жүргізуді тоқтатуға әкеледі. Егер келісімге қол жеткізілмеген жағдайда сот үзіліс жарияланған сәттен бастап істі қарауды жалғастырады.

Істі сот талқылауына дайындау сатысында судья тараптарға құқықтарын түсіндіре отырып, медиацияның мәнін, оңтайландырылған тәсілдердің тиімділігін және медиация тәртібімен шешу мүмкіндігі, тараптардың құқықтары мен міндеттері, оларды орындау тәртібін хабарлайды. Келісімнің мәтінінде жауапкердің міндеттемелерді орындауын кейінге қалдыру немесе бөліп төлеу туралы, борышты толық немесе ішінара кешіру не тану туралы шарттар қамтылуы мүмкін.

Медиацияның әрбір түрінің процессуалдық айырмашылықтарын, құқықтық салдарын және артықшылықтарын түсіну адвокаттар мен олардың клиенттеріне өздерінің құқықтары мен мүдделерін қорғаудың оңтайлы стратегиясын саналы түрде таңдауға мүмкіндік береді, сол арқылы нақты дауды шешуге ғана емес, сонымен қатар Қазақстанның құқықтық саласында диалог пен ымыраға келу мәдениетін дамытуға ықпал етеді.

Медиация мен дауды сот тәртібімен шешудің айырмашылығы неде? Тараптар медиаторға процессуалдық нақты белгіленген өкілеттіктердің шеңберінде жүгіне алады. Медиатордың тараптарға үкім немесе шешім шығаруға, қорытынды жасауға, баға беруге, шешімдердің жобаларын ұсынуға құқығы жоқ; оның шешіліп жатқан мәселеге елеулі түрде әсер ететін қандай да бір шешім қабылдауға құқығы жоқ.

Медиатор судьяны алмастырмайтынын түсіну маңызды. Медиатордың міндетіне жеке және заңды тұлғалар үшін жанжалдарды аз шығынды және баламалы тәсілмен шешу кіреді. Басқаша айтқанда, медиатор – сот жүйесіне жатпайтын және судьяның көмекшісі болып табылмайтын кәсіби делдал.

Үшінші тарап ретінде медиатор, яғни «Медиация туралы» ҚР Заңының талаптарына сәйкес кәсіби және кәсіби емес негізде медиацияны жүргізу үшін тараптар тартатын тәуелсіз жеке тұлға әрекет етеді.

Елімізде сот төрелігін дамытуда жеке құқықтық сипаттағы дауларды шешудің баламалы тәсілдері маңызды рөл атқарады. Неміс профессоры, доктор К. Грефин Фон Шлиффен «медиатор дауды шешуде тараптармен бірге қатарлас жүреді, десе де оларға үстемдік етпейді» деп пайымдайды. Медиацияның нәтижесінде тараптар қолайлы шешімге қол жеткізіп қана қоймай, сонымен бірге олардың әрі қарайғы іскерлік қатынастарын нығайтуға және дамытуға мүмкіндік туғызады, ал сот шешімі көбінесе қақтығысты тоқтатып қана қоймайды, сонымен қатар тараптар арасындағы іскерлік қатынастарды одан әрі мүмкін етпейді, өйткені олардың нақты татуласуына қол жеткізілмеген [14, 16].

Медиация сот процесінен ынтымақтастық рәсімімен ерекшеленеді, судья заңда көзделген талаптарға сәйкес белгілі бір мерзімге тағайындалатын болса ал медиатор сайланады [15, 134].

Қазіргі таңда елімізде тәуелсіз кәсіби медиаторлар институты әлсіз. Көп жағдайда сот медиациясы басымдыққа ие, себебі, азаматтар көбіне дау шешу құралы ретінде сотты ғана қарастырады және медиацияны соттың ұсынысы ретінде қабылдайды. Бұл қоғамның құқықтық мәдениетінің әлі де төмен екендігін білдіреді.

Қолданыстағы ҚР «Медиация туралы» Заңында кәсіби медиатор мен «кәсіби емес» медиатор ұғымдары қарастырылған [8]. Бұл «кәсіби емес» медиаторлардың даулы істерде (мәселен, азаматтық, отбасылық, еңбек даулары) араласуына мүмкіндік береді. Яғни, медиаторлардың кәсіби біліктілігі, этикасы әрқилы болуы мүмкін, бұның салдары медиацияның сапасы мен оның нәтижелілігіне, заңдылығына күмән келтіреді. Сондай-ақ, заңда медиация арқылы жасалған келісімдер міндетті орындауға жататыны, олардың орындалуын бақылау механизмдері мен салдары нақты реттелмеген.

Құқықтық мәдениеттің қалыптасуында кәсіби медиаторлар маңызды рөл атқарады. Республикамыздың әр облыс, аймақтарында кәсіби медиаторлардың және медиаторлық орталықтардың жетіспеушілігі, медиаторларды даярлау сапасы бойынша бірізді стандарттың болмауы, оларды мемлекеттік қолдау шараларының жеткіліксіздігі, медиацияны қолдану салаларының аздығы бұл институттың дамуын шектейді.

Қазақстанда медиаторларды даярлау сапасы бойынша бірізді стандарттың болмауы, медиация тәжірибесінің сапасы мен тиімділігін төмендетеді [16].

Аталған проблемаларды шешудің бірден-бір жолы, әлемдік құқықтық тәжірибеде кең таралған тиімді тәсіл – медиация моделі қалыптасқан шет мемлекеттердің тәжірибесін үлгі ретінде қарастыру болып табылады.

Жалпы, медиацияның институционалдық дамуының халықаралық тәжірибесіне сүйенсек, еуропаның Германия, Франция, АҚШ сияқты дамыған елдерінде медиация моделі қалыптасқан. Бұл елдердегі заңнамалық тетіктер, міндетті медиация институты, медиаторларды кәсіби даярлау жүйесі тиімділігімен ерекшеленеді және медиация корпоративтік дауларды шешудің маңызды құралына айналуға. Еуропа елдерінде кәсіби стандарттар қатаң сақталған, медиацияны ынталандыру үшін салықтық жеңілдіктер, мемлекеттік субсидиялар қарастырылған, сондай-ақ, сотқа дейінгі кезеңде медиация рәсімі міндетті болып табылады және медиацияны қолдану саласы кеңінен дамыған. Ал, Қазақстан Республикасында негізінен жеңілдетілген және оңайлатылған медиация есепке алынады. Медиация процедурасының өзі ерікті, еркін болып табылады. Заң бойынша ешқашан медиаторға мәжбүрлеп жүгіну жағдайлары жоқ. Сондай-ақ, сот даудың тараптарын медиаторға жүгінуге өз бастамасы бойынша жіберуге құқылы емес [17, 98].

Еуропалық бұл аталған елдерде корпоративтік даулардағы медиация бизнес пен құқық саласында білімі бар мамандандырылған медиаторларды тарта отырып, белсенді жүргізіледі. Мәселен, Германияда кәсіби медиатор болу үшін арнайы аккредиттелген оқу бағдарламасын (кемінде 120 сағат) аяқтау және тұрақты түрде біліктілікті арттыру міндетті. Ал, Францияда отбасылық медиация кең дамыған, ал мемлекет тарапынан медиация үшін қаржылық жеңілдіктер қарастырылған [18].

Еуропа елдеріндегі әсіресе, АҚШ құқықтық жүйесіндегі маңызды аспектілердің бірі – отбасылық даулардағы медиация болып табылады. Отбасылық медиация ерлі-зайыптылардың ажырасуын, мүлікті бөлуді, бала күтімін және алимент өндіруді қоса алғанда кең ауқымды жағдайларды шешуді қамтиды. Осы саладағы медиаторлардың отбасы құқығы, психология

және қарым-қатынас саласында арнайы білімі бар мамандар болып табылады, бұл оларға ерлі-зайыптылар мен ата-аналар арасындағы келісім мен балалардың мүдделерін іздеуде диалогты жеңілдетуге, сондай-ақ, тараптарға шешім қабылдау процесіне қатысуға мүмкіндік береді. Осылайша, отбасылық даулардағы медиация келісімді нығайтады және ата-аналарға дұрыс шешім қабылдауға септігін тигізеді.

АҚШ-та медиация нарығы кеңінен дамыған және медиаторлар жеке кәсіби қызметтің жоғары деңгейін көрсетеді, медиацияны қолдану саласы көбіне коммерциялық, корпоративтік және еңбек дауларымен байланысты.

Медиация коммерциялық дауларда шешуші рөл атқарады. Осыған сай, коммерциялық медиаторлардың шамамен 70–80 пайызы заңгер мамандығы бар, оған қосымша психолог, бизнес экономика мамандықтарын да игерген мамандар [17, 11]. Ал, Қазақстан Республикасында тәуелсіз кәсіби медиаторлардың қызметіне сұраныс төмен және бізде көп жағдайда медиация отбасылық және тұрмыстық дауларда қолданылады. Қолданыстағы заңда медиаторлық қызмет кәсіпкерлік қызмет санатына жатқызылмайды. Сондықтан да, медиаторлық қызмет медиаторлардың кәсіби мәртебесін, жауапкершілігін және қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етпейді.

Қорытынды

Осылайша, медиация қазіргі заң саласында жаңашылдығымен, келген тың институт деп баға бере алмаймыз. «Дау мұраты – біту» дейді қазақ халқы. Төрелік айтатын билердің даналығымен, қырағылығымен дауды бітімгершілікпен, татуласумен бір ымыраға келтіру дәстүрлі қазақ қоғамында ертеден бастау алған. Тамыры дәстүрлі қазақ қоғамынан бастау алған бітімгершілік рәсімдерді, яғни медиацияны қолданудың мәселелерін анықтау заң нормаларын жетілдіруге және ықпал етеді.

Дауларды соттан тыс реттеу процессуалдық рәсімдерді оңтайландыру қажеттілігімен де байланысты. Азаматтар да, заңды тұлғалар да медиацияға белсенді түрде жүгінген кезде сот жүйесіне түсетін жүктемені едәуір азайтуға мүмкіндік береді.

Медиация соттан тыс процедуралар аясында кеңінен қолданылатындықтан, ол азаматтық қоғамның қалыптасуына ықпал етеді. Отандық Заң медиацияны дамыту кезінде, әрине, мемлекеттің қолдауымен оны жандандыру мен қолдауды қамтамасыз ететін азаматтық қоғам құрылымдары мен бұқаралық ақпарат құралдары айқындаушы рөл атқаруға тиіс екенін негізге алады.

Қазақстан Республикасында медиация институты құқықтық жүйені ізгілендірудің және дауларды тиімді шешудің маңызды механизмдерінің бірі ретінде орнығуда. Дегенмен оның толыққанды дамуына қоғамның құқықтық мәдениеті, кәсіби кадрлар сапасы, инфрақұрылым және заңнамалық реттеу саласындағы мәселелер кедергі келтіріп отыр. Медиация институтын дамыту бағыттарын кешенді іске асыру Қазақстандағы құқықтық қатынастар мәдениетін арттыруға және сот жүктемесін азайтуға елеулі үлес қосады.

Қорытындылай келе, шет мемлекеттердің тәжірибесін қарастыра отырып, еліміздегі медиация институтын дамытуда келесідей ұсыныстар беріледі:

- ◆ бірыңғай ұлттық кәсіби стандарттар қабылдау;
- ◆ медиаторлардың үздіксіз кәсіби дамуын қамтамасыз ету;
- ◆ соттан тыс медиация институтын жетілдіру және медиация сотқа дейінгі міндетті кезең ретінде қарастырылуы тиіс;
- ◆ жасалған медиациялық келісімдердің орындалуына мониторинг жүргізу жүйесін дамыту.

Алдағы уақытта біздің қоғам медиацияны дауларды шешудің пайдалы және оңтайлы тәсілі ретінде қабылдайды деп сенеміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Архипкина А.С. Институт медиации в современном праве // Сибирский юридический вестник. – 2011. – № 1. – С.167.
- 2 Сулейменова Н.О. Проблемы развития медиации в Казахстане // Scientific and practical journal ESJL. – 2023. – № 4(5). – С. 20.
- 3 Рехсон С.Н., Сулейменова Н.О. Основы медиации в Республике Казахстан. Учебное пособие. – Алматы: Университет «Туран», 2019. – 232 с.
- 4 Практика медиации: актуальные вопросы, эффективные методики. Диалоговая площадка. Ассамблея народа Казахстана города Нур-Султана при акимате столицы. – Нур-Султан. URL: https://www.inform.kz/ru/dialogovaya-ploschadka-po-aktual-nym-voprosam-mediatsii-proshla-vstolice_a3583473 (дата обращения: 10.05.2025)
- 5 V Съезд судей Республики Казахстан в Астане. URL: <https://unionlawyers.ru/ru/proekty-i-meropriyatiya/arkhiv-meropriyatiy/2024/458/> (дата обращения: 11.05.2025)
- 6 Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылғы 30 тамыз. URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=51005029 (өтініш берілген күн: 12.05.2025)
- 7 Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына Жолдауы. 2020 жылғы 1 қыркүйек. URL: https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyyn-kazakstan-halkyna-zholdauy-2020-zhylgy-1-kyrkuiek (өтініш берілген күн:12.05.2025)
- 8 «Медиация туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 28 қаңтардағы № 401-IV Заңы. URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30928762 (өтініш берілген күн: 12.05.2025)
- 9 Munduatea L., Medinaa F., Euwema M. Mediation: Understanding a Constructive Conflict Management Tool in the Workplace // Journal of Work and Organizational Psychology. 2022. Vol. 38(3). P. 165–173.
- 10 Кайдарова З.А., Иманбаев С.М. Медиация в Республике Казахстан: психолого-правовое обеспечение. Проблемы и перспективы образования. Педагогика и психология. – С. 134–135. URL: <file:///C:/Users/user/Downloads/30-%D0%A1%D1%82%D0%B0%D1%82%D1%8C%D1%8F%20%D0%B4%D0%BB%D1%8F%20%D0%B0%D0%BD%D1%82%D0%B8%D0%BF%D0%BB%D0%B0%D0%B3%D0%B8%D0%B0%D1%82%D0%B0-984-2-10-20210527.pdf>. (дата обращения: 12.05.2025)
- 11 Почему Жакип Асанов считает, что в Казахстане плохо работает Закон «О медиации»? // DixiNews.kz. URL: <https://dixiNews.kz/articles/zhizn/35646/> (дата обращения: 14.05.2025)
- 12 Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексі 2015 жылғы 31 қазандағы № 377-V ҚРЗ. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000377#z49> (өтініш берілген күн: 17.05.2025)
- 13 Идрисова С.Б. Вопросы совершенствования законодательства о медиации // Вестник Института законодательства Республики Казахстан. – 2012. – № 3(27) – С. 88–93.
- 14 Ахметов К.К. Альтернативное разрешение споров в форме медиации: проблемы правового, регулирования и европейский опыт // Заңгер – 2011. – № 9. – С. 16.
- 15 Лисицын В.В. Медиация – универсальный способ урегулирования коммерческих споров в России. Научный очерк: история и современность. – М.: МАКС пресс, 2009. – С. 134.
- 16 Қарама-қайшылық көп: Сенатта медиацияның жай-күйі талқыланды. 13 наурыз, 2020. URL: https://egemen.kz/article/224200-qarama-qayshylyq-kop-senatta-mediatsiyanynh-dgay-kuyi-talqylandy?utm_source=chatgpt.com (өтініш берілген күн: 17.05.2025)
- 17 Меирбекова Г.Б., Камза А.Т. Орта Азия елдеріндегі және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерінде медиация институтын қолданудың құқықтық жағдайы // Абай атындағы ҚазҰПУ-нің хабаршысы. «Юриспруденция» сериясы. – 2022. – № 1(67). – 98 б.
- 18 In brief: selecting mediators in Germany. URL: <https://www.lexology.com/library/detail.aspx?g=ac981a59-2796-4cc3-91c3-f24909cb6ebf> (accessed: 14.05.2025)
- 19 Claire Mulder. Commercial Mediation: The United States and Europe The view through practitioners' eyes // Dispute resolution magazine. 2017. P. 11. URL: https://www.americanbar.org/content/dam/aba/publications/dispute_resolution_magazine/fall2017/3_commercial_mediation_the_united_states_and_europe.authcheckdam.pdf (accessed: 15.05.2025)

REFERENCES

- 1 Arhipkina A.S. (2011) Institut mediacii v sovremennom prave // Sibirskij juridicheskij vestnik. No. 1. P. 167. (In Russian).
- 2 Sulejmenova N.O. (2023) Problemy razvitiya mediacii v Kazahstane // Scientific and practical journal ESJL. No. 4(5). P. 20. (In Russian).
- 3 Rehson S.N., Sulejmenova N.O. (2019) Osnovy mediacii v Respublike Kazahstan. Uchebnoe posobie. Almaty: Universitet «Turan». 232 p. (In Russian).
- 4 Praktika mediacii: aktual'nye voprosy, jeffektivnye metodiki. Dialogovaja ploshhadka. Assambleja naroda Kazahstana goroda Nur-Sultana pri akimate stolicy. Nur-Sultan. URL: https://www.inform.kz/ru/dialogovaya-ploshhadka-po-aktual-nym-voprosam-mediicii-proshla-vstolice_a3583473 (data obrashhenija: 10.05.2025). (In Russian).
- 5 V S#ezd sudej Respubliki Kazahstan v Astane. URL: <https://unionlawyers.ru/ru/proekty-i-meropriyatiya/arkhiv-meropriyatij/2024/458/> (data obrashhenija: 11.05.2025). (In Russian).
- 6 Qazaqstan Respublikasynyñ Konstitusiasy 1995 jylǵy 30 tamyz. URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=51005029 (ötiniş berilgen kün: 12.05.2025). (In Kazakh).
- 7 Memleket bassysy Qasym-Jomart Toqaevtyñ «Jaña jaǵdaidaǵy Qazaqstan: is-qimyl kezeñi» atty Qazaqstan halqyna Joldaıy. 2020 jylǵy 1 qyrküiek. URL: https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyñ-kazakstan-halkyna-zholdaıy-2020-zhylygy-1-kyrkuiek (ötiniş berilgen kün: 12.05.2025). (In Kazakh).
- 8 «Mediasia turaly» Qazaqstan Respublikasynyñ 2011 jylǵy 28 qañtardaǵy № 401-IV Zañy. URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30928762 (ötiniş berilgen kün: 12.05.2025). (In Kazakh).
- 9 Munduatea L., Medinaa F., Euwema M. (2022) Mediation: Understanding a Constructive Conflict Management Tool in the Workplace // Journal of Work and Organizational Psychology. Vol. 38(3). P. 165–173. (In English).
- 10 Kajdarova Z.A., Imanbaev S.M. Mediacija v Respublike Kazahstan: psihologo-pravovoe obespechenie. Problemy i perspektivy obrazovaniya. Pedagogika i psihologija. P. 134–135. URL: <file:///C:/Users/user/Downloads/30-%D0%A1%D1%82%D0%B0%D1%82%D1%8C%D1%8F%20%D0%B4%D0%BB%D1%8F%20%D0%B0%D0%BD%D1%82%D0%B8%D0%BF%D0%BB%D0%B0%D0%B3%D0%B8%D0%B0%D1%82%D0%B0-984-2-10-20210527.pdf>. (data obrashhenija: 12.05.2025). (In Russian).
- 11 Pochemu Zhakip Asanov schitaet, chto v Kazahstane ploho rabotaet Zakon «O mediacii»? // Dixinews.kz. URL: <https://dixinews.kz/articles/zhizn/35646/> (data obrashhenija: 14.05.2025). (In Russian).
- 12 Qazaqstan Respublikasynyñ Azamattyq prosetik kodeksi 2015 jylǵy 31 qazandaǵy No. 377-V QRZ. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000377#z49> (ötiniş berilgen kün: 17.05.2025). (In Kazakh).
- 13 Idrisova S.B. (2012) Voprosy sovershenstvovaniya zakonodatel'stva o mediacii // Vestnik Instituta zakonodatel'stva Respubliki Kazahstan. No. 3 (27). P. 88–93. (In Russian).
- 14 Ahmetov K.K. (2011) Al'ternativnoe razreshenie sporov v forme mediacii: problemy pravovogo, regulirovaniya i evropejskij opyt // Zanger. No. 9. P. 16. (In Russian).
- 15 Lisicyn V.V. (2009) Mediacija – universal'nyj sposob uregulirovaniya kommercheskih sporov v Rossii. Nauchnyj ocherk: istorija i sovremennost'. M.: MAKS press. P. 134. (In Russian).
- 16 Qarama-qaişylyq köp: Senatta mediasianyñ jai-küii talqylandy. 13 nauryz, 2020. URL: https://egemen.kz/article/224200-qarama-qayshylyq-kop-senatta-mediatsiyanyh-dgay-kuyi-talqylandy?utm_source=chatgpt.com (ötiniş berilgen kün: 17.05.2025). (In Kazakh).
- 17 Meirbekova G.B., Kamza A.T. (2022) Orta Azia elderindegi jáne Täuelsız Memleketter Dostastyǵy elderinde mediasia institutyn qoldanudyñ qūyqytyq jaǵdaiy // Abai atyndaǵy QazĪPU-niñ habarşysy. «İurisprudensia» seriasy. No. 1(67). 98 p. (In Kazakh).
- 18 In brief: selecting mediators in Germany. URL: <https://www.lexology.com/library/detail.aspx?g=ac981a59-2796-4cc3-91c3-f24909cb6ebf> (accessed: 14.05.2025). (In English).
- 19 Claire Mulder (2017) Commercial Mediation: The United States and Europe The view through practitioners' eyes // Dispute resolution magazine. P. 11. URL: https://www.americanbar.org/content/dam/aba/publications/dispute_resolution_magazine/fall2017/3_commercial_mediation_the_united_states_and_europe.authcheckdam.pdf (accessed: 15.05.2025). (In English).

ӨМІРӘЛІ Ж.Ө.,*¹

д.ю.н., доцент.

*e-mail: Zhaziraomirali@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-5510-2966

БЕГАЗОВА Г.Ж.,¹

PhD, ассоциированный профессор.

e-mail: gulnafisa_86@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-6131-1246

РАХИМОВА Г.Н.,²

PhD, ассоциированный профессор.

e-mail: gaku_almatycity@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-3812-7459

МЫРЗАКӘРІМ А.Н.,³

к.ю.н., ассистент-профессор.

e-mail: aan-005@mail.ru

ORCID ID: 0009-0009-2733-1014

¹Университет Кунаева,

г. Алматы, Казахстан

²Казахский национальный

педагогический университет им. Абая,

г. Алматы, Казахстан

³Университет Нархоз,

г. Алматы, Казахстан

ОСНОВНЫЕ ВОПРОСЫ РАЗВИТИЯ ИНСТИТУТА МЕДИАЦИИ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

Аннотация

Целью исследования является изучение актуальных вопросов развития института медиации в Республике Казахстан. В статье авторы дают обзор истории его становления, анализируя понятие медиации. В истории казахского народа классифицируют сходства и различия между судом судей – типом правосудия, включающим элементы медиации, и современной судебной системой. Также в направлении совершенствования деятельности медиаторов дается ряд предложений: установление сфер применения социальной и коммерческой медиации, создание условий для всеобщей доступности медиации; определение форм деятельности медиаторов и формирование корпуса компетентных медиаторов; принятие этического кодекса медиаторов Республики Казахстан. Современное состояние медиации позволяет сделать следующие выводы: во-первых, нормы об обязательности процедуры медиации для отдельных категорий споров, например, внесение изменений в Гражданский процессуальный кодекс Республики Казахстан о взыскании задолженности; во-вторых, увеличение размера государственной пошлины при предъявлении исков в суды; в-третьих, законодательное установление размера вознаграждения медиаторов ниже уровня государственной пошлины, в кратном размере МРП.

Ключевые слова: правосудие, судебная система, медиация, медиатор, примирительные процедуры, мировое соглашение, стороны.

OMIRALI Zh.O.,*¹

d.l.s., associate professor.

*e-mail: Zhaziraomirali@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-5510-2966

BEGAZOVA G.Zh,¹

PhD, associate professor.

e-mail: gulnafisa_86@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-6131-1246

RAKHIMOVA G.N.,²

PhD, associate professor.

e-mail: gaku_almatycity@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-3812-7459

MYRZAKARIM A.N.,³

c.l.s., assistant professor.

e-mail: aan-005@mail.ru

ORCID ID: 0009-0009-2733-1014

¹Kunayev University,

Almaty, Kazakhstan

²Abai Kazakh National Pedagogical University,

Almaty, Kazakhstan

³Narxoz University,

Almaty, Kazakhstan

TOPICAL ISSUES OF THE DEVELOPMENT OF THE INSTITUTE OF MEDIATION IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Abstract

The purpose of this study is to examine current issues in the development of mediation in the Republic of Kazakhstan. In this article, the authors provide an overview of the history of its development, analyzing the concept of mediation. The history of the Kazakh people highlights the similarities and differences between the court of judges a type of justice that includes elements of mediation—and the modern judicial system. A number of proposals are also made for improving the work of mediators: establishing the scope of application of social and commercial mediation, creating conditions for universal access to mediation; defining the forms of mediator activity and developing a corps of competent mediators; and adopting an ethical code for mediators of the Republic of Kazakhstan. The current state of mediation allows us to draw the following conclusions: firstly, the provisions on mandatory mediation procedures for certain categories of disputes, for example, amendments to the Civil Procedure Code of the Republic of Kazakhstan on debt collection; Secondly, increasing the state fee for filing lawsuits; thirdly, legislatively establishing mediator remuneration below the state fee, at a multiple of the minimum monthly calculation index (MCI).

Keywords: justice, judicial system, mediation, mediator, conciliation procedures, settlement agreement, parties.

Мақаланың редакцияға түскен күні: 20.10.2025